

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ» ММ

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АКТӨБЕ»

030002, Ақтөбе қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, 16 Б
факс 71-06-85, email: aktgoroo@rambler.ru

030002 город Актөбе, ул. К.Сатпаева, 16 Б
факс 71-06-85, email: aktgoroo@rambler.ru

2024 жылғы « 29 » тамыз
Ақтөбе қ.

№ 400

« 29 » августа 2024 года
г.Ақтөбе

*Білім, тәрбие беру ұйымдарының
эксперименттік және инновациялық
жұмыстарын, қосымша білім беру
бағдарламаларын енгізу, жалғастыру,
тоқтату, оқу кабинеттерін паспорттау туралы*

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» (қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер), қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27, 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) және «білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» үйлестіру мақсатында, қалалық сараптамалық кеңестің 2024 жылғы 28 тамыз № 1 хаттамасы негізінде, қала мектептерінің оқу кабинеттерінің жағдайын, олардың білім беру стандарттарының талабына сәйкес дайындығын, оқу кабинеттерінің оқу әдістемелік талаптарының негізгі бағыттарына сай қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Білім беру ұйымдары басшыларына: бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру кластарында (1-11 кластар) оқу үрдісі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының (2024 жылғы 10 маусымдағы №2 хаттама) 2024-2025 оқу жылында жалпы орта білім беретін ұйымдарда ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты негізінде ұйыдастырылып жүргізілсін.
2. Бекітілсін, рұқсат етілсін, жалғастырылсын, тоқтатылсын:
 - 2.1. Мектеп режимі, тәжірибе-эксперименттік, апробациялық жұмыстар, педагогикалық зертхана, шеберхана, шебер-кластар, элективті курстар бағдарламалары (№1 қосымша);
 - 2.2. Мектепке дейінгі білім беру бойынша бағдарламалары (№2 қосымша);
 - 2.3. Қосымша білім беру бағдарламалары (№3 қосымша);
3. Қала мектептерінің оқу кабинеттері білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес паспортталсын, жалғастырылсын, тоқтатылсын (№4 қосымша).
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Қалалық білім бөлімінің жалпы орта және мектепке дейінгі білім беру секторының меңгерушісі Г.Алдиярова және «BILIM QAZYNA» КММ директоры А.Сулейменоваға жүктелсін.

Ақтөбе қаласы білім
бөлімі басшысының м.а.



Ж.Шалабаева